



Ақмешіт

24 ақпан
сейсенбі
№15 (2227)
2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

«МИРАНДА ЕРЕЖЕСІ»: СІЗ ЕШТЕҢЕ АЙТПАУҒА ҚҰҚЫЛЫСЫЗ...

Жаңа Конституция жобасы адам құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған бірқатар маңызды жаңалықтарды енгізді. Солардың бірі – «Миранда ережесінің» конституциялық деңгейде бекітілуі. Бұл өзгеріс азаматтардың құқықтық қорғалуын арттырып, құқық қорғау органдарының қызметіне жаңа талаптар қойды. Бұл ереже әлемдік тәжірибеле бұрыннан бар. «Миранда ережесінің» мәні – ұсталған немесе күдікті деп танылған әрбір адамға оның құқықтары дереу әрі түсінікті түрде түсіндірілетіндігі. Жаңа Конституция жобасында көрсеткендей, адам күдікті ретінде ұсталған сәттен бастап өзіне тағылған күдік туралы білуге; өзіне қарсы куәлік бермеуге; адвокаттың көмегін пайдалануға; үнсіз қалуға толық құқылы.

Ең бастысы, бұл құқықтар азаматқа оның мәртебесі ресми бекітілмей тұрып-ақ, яғни алғашқы байланыс кезінде-ақ хабарлануы тиіс. Егер бұл талап сақталмаса, алынған түсініктемелер мен айғақтар заңсыз дәлелдеме ретінде танылуы мүмкін.



«Миранда ережесі» деген не?

Жаңа Конституция жобасында бекітілген «Миранда ережесі» қылмыстық процестегі психологиялық қысымға, заңсыз мойындатуға және тергеу кезіндегі асыра сілтеушілікке тосқауыл қоюды көздейді. Бұрын азаматтар өз құқықтарын білмегендіктен немесе дер кезінде адвокат

шақыру мүмкіндігі болмағандықтан, заң алдында әлсіз жағдайда қалатын. Енді бұл тәжірибеге конституциялық деңгейде шектеу қойылады.

1966 жылы АҚШ-та пайда болған термин америкалық Эрнесто Миранданың есімімен байланысты. Аризона штатында тонау және зорлау күдігімен қамауға алынған азаматтан адвокатсыз және құқығы түсіндірілместен жауап алынған. Нәтижесінде күдікті қыл-

мысын мойындайды. Іс АҚШ Жоғарғы сотына жетіп, сот мұны адам құқығын бұзу деп таныды. Осыдан кейін АҚШ-та полиция айыпталушының құқығын міндетті түрде түсіндіруі тиіс деген талап енгізілді.

XX ғасырдың соңына қарай «Миранда ережесі» сияқты заң талаптары Ұлыбритания, Австралия, Германия, Франция және Ресей Федерациясы сияқты мемлекеттерге енгізілді.

«Миранда ережесінің» осы нұсқасы көп қолданылады: «Сіз ештеңе айтпауға құқылысыз. Айтқан сөзіңіз сотта өзіңізге қарсы қолданылуы мүмкін. Сізден жауап алуға адвокатыңыз бірге қатыса алады. Адвокат қызметін қалтаңыз көтермесе, мемлекет өз есебінен ұсынады. Сіз құқыңызды түсіндіріңіз бе?». Құқықбұзушылық жасап ұсталған кез келген азамат осы ережені түсініп жауап беруге міндетті.

2-БЕТТЕ



Рамазан айы күллі мұсылман қауымы үшін рухани тазару, сабыр мен тақуалыққа тәрбиелену кезеңі. Сондай-ақ бұл айда адам мінез-құлқын түзеп, жүрек пен ниетін тазалап, үлкен рухани мектептен өтеді. Ораза айының қадір-қасиеті, адамзаттың құдіретті Алла тағаланың рақымна бөлену амалдары және ораза айында орындалатын онеге боларлық әлеп жайында облыстың бас имамы Дастан Құрманбаевпен сұхбаттасқан едік.



Дастан ҚҰРМАНБАЕВ, Қызылорда облысының бас имамы:

РАМАЗАН – РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ ЖӘНЕ БЕРЕКЕ АЙЫ

– Мейірім шуағы мол Рамазан айы да келіп жетті. Сауабы мол қасиетті айда мұсылмандар оразаны сағыныспен күтеді. Рақымна мол Алла тағала осы қасиетті күндерге қандай сый-сияпат пен сауап жасырған?

– Ораза – ең алдымен жүректің амалы. Рамазан – жүректі тазартуға, ниетті түзетуге, напсіні тәрбиелеуге және тақуалыққа жетуге мүмкіндік берілген қасиетті ай. Оразаның шынайы мәнін түсінген адам ас пен судан тыйылуды басты мақсат етпейді. Ауыз бекітудегі негізгі мақсат – ой мен жүректі түрлі дерттен тазалау, ішкі жан дүниені көркем мінезбен безендіру.

Рамазан оразасының мәртебесі өте жоғары болуының сыры оның сауабының санына ешкім жете алмайды. Себебі Алла Тағала Кудси хадисте: «Оразадан басқа барлық жақсы амалдың сауабы он еседен жеті жүз есеге дейін артады. Өйткені ораза мен үшін атқарылды. Ендеше оның сауабын мен беремін» деген. Шынында, Алла Тағала Құран Кәрімде: «Шынында сабыр еткендер сауаптарын есепсіз (мол) алады» дейді. Құлшылықтар ішінде сабырды сынайтын амал ораза екені айдан анық. Демек, оразаны лайықты түрде тұтсақ, сансыз сауапқа кенелеріміз анық.

3-БЕТТЕ

СПОРТ

Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында өткен XXV қысқы Олимпиада ойындары мәресіне жетті. Қазақстан құрамасы 94 мемлекеттің ішінде 19-орынға тұрақтап, ел қоржынына бір ғана алтын медаль салды. Бұл жүлдені мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдаров жеңіп алды.



Милан Олимпиадасы ел спортына не берді?



Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ елі қысқы Олимпиадада алтын медальді бұған дейін тек 1994 жылы Лиллехаммерде иеленген еді. Араға отызға жылдан аса жуық уақыт салып, Қазақстан қайтадан Олимпиада шыңына көтерілді. Оның үстіне бұл жолы жеңіс жүлдесі спорттың жаңа қырынан, мәнерлеп сырғанаудан келді. Михаил Шайдаров – қысқы Олимпиада тарихында мәнерлеп сырғанаудан чемпион атанған тұңғыш қазақстандық. Бұл ел спортының географиясы кеңейіп жатқанын аңғартады. Бұған дейін қысқы ойындардағы табыс көбіне шаңғы, биатлон, коньки спорты арқылы келген екен.

4-БЕТТЕ

ЗЕРДЕ

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕГЕН СЕМИНАР

«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы. Тек мазмұны жанартылып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеялық қағидасымен үндеседі.



Қаламыздағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектеп «Адал азамат» концепциясы бағытында білім мен тәрбие жүйесінде республика көлемінде қарқынды жұмыспен танылып келеді. «Жас ұрпақты еңбекке баулуға өнер мен кәсіптің ролі» тақырыбында өткізілген республикалық семинардың мақсаты – үздіктер қатарындағы мектеп ұжымының іскерлік тәжірибесін республикадағы білім ұйымдарына тарату.

4-БЕТТЕ

ҚЫЗЫҚ КӘСІП



Нұрхан МАХМҰТ, мобилограф: МИМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН УАҚЫТ

Бүгінде қолдағы смартфон – тек байланыс құралы ғана емес, табыс көзіне айналған әмбебап құрал. Бар болғаны, креативті ой, батыл қадам керек. Жас талғамайтын, сұранысы күн санап артып келе жатқан бұл саланың атауы – мобилография. Қоғам айнасына айналған жаңа бағытта өнімді еңбек етіп, ірі кәсіпорындардың жарнамасын жүргізіп, шәкірт тәрбиелеп жүрген жас мобилографтың бірі – Нұрхан Махмұт. Орайы келгенде мобилографияның қыр-сыры, табыс көзі мен мүмкіндігі туралы әңгімелескен едік.

4-БЕТТЕ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – ашық пікір алаңы

Осыдан он жыл бұрын Қазақстанда қоғамдық кеңес құрылған еді. Жай ғана кеңесші орган емес, халықтың ойын жеткізер мінберге айналған бұл кеңес уақыт өте маңызды айқындала түсті. Себебі қазіргі қоғам ашықтық пен жариялылықты талап ететіндіктен шешім қабылдау процесінде азаматтардың қатысуы маңызды. Жауапкершілік пен сенімге негізделген қоғамдық кеңес ұйымы тұрғындардың ұсынған пікірі мен сынын мемлекеттік органдарға жеткізеді.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңы 2015 жылғы 2 қарашада қабылданды. Қоғамдық кеңес азаматтық қоғамның мүдделерін білдіре отырып, республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылауда жұртшылықтың пікірін ескереді. Сондай-ақ қоғамдық бақылауды ұйымдастырады, орталық және жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Заң талаптарына сәйкес мемлекеттік басқарудың республикалық және жергілікті деңгейлердегі қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері негізінде бекітілген жұмыс жоспары бойынша қызмет етеді.

Әлемнің барлық елдерінде түрлі қоғамдық бақылау институттары қалыптасқан. Олар бюджетті тиімді игеру, жемқорлықпен күрес, қала өмірін дамытудағы жаңа идеяларды ұсынып, бақылайды. Мысалы, Қытай мен Араб елдері қоғамдық бақылауларды ауылдық аймақтан бастауды жөн көрген. Ауылдық жерлерде ауылға сыйлы әрі халық қолдайтын азаматтардан арнайы бақылаушы органдар құрған. Ал Шығыс Азия елдерінде қоғамдық бақылау институттары көбіне халықтың ойын тыңдап, сұрау салып, сол арқылы бақылау институты қызметін атқарады. Қазақстанда да осы елдердің ойы мен тәжірибесін ескере отырып, қоғамдық кеңес құрылды. Мәселен, Францияда осыған ұқсас ұйым қызмет етеді. 1925 жылы құрылған ұйым 2008 жылғы конституциялық реформадан кейін «Франция экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңес» деп аталды. Еуропадағы бұл ұйым азаматтық қоғам өкілдерінің билік органдарымен өзекті мәселелерді талқылайтын кеңесші платформа ретінде қызмет етіп келеді. Сондай-ақ азаматтық қоғамның пікірін жеткізіп, билік пен қоғам арасындағы диалогты күшейтеді.

2-БЕТТЕ

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА БАСТАР ЖОЛ



Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын жариялады. Жоба елдің саяси-құқықтық жүйесін жаңғыртуға және мемлекеттің дамуының жаңа кезеңіне берік құқықтық негіз қалыптастыруды көздейді.

Жаңа Конституция азаматтар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардың ұсыныстары негізінде әзірленді. Алты айға жуық уақытқа созылған ашық қоғамдық талқылаулар барысында екі мыңнан астам ұсыныс қаралып, жүйеленді.

Реформаның бастамашысы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент 2025 жылғы Жолдауында бір палаталы Парламент құру арқылы елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту қажеттігін атап өткен еді. Осы бастама аясында құрылған Конституциялық комиссияның жұмысы қоғам алдында толықтай ашық өтті.

Жаңа Конституция жобасы Прембула, 11 бөлім мен 95 баптан тұрады. Құжат қоғамдағы негізгі құқықтық қатынастарды жан-жақты қамтып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

Конституциялық құрылыстың негіздеріне келсек, жобаның алғашқы бөлімі мемлекеттің іргелі қағидаттарын айқындайды. Онда: егемендіктің несі әрі биліктің бастауы – халық екені көрсетілген. Азаматтардың ел басқару ісіне қатысу рөлі күшейтілген. Аумақтық тұтастық пен басқару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін әкімшілік-аумақтық құрылымды конституциялық заңмен айқындау ұсынылған.

Жаңа Ата Заң жобасында болашаққа бағытталған жаңашылықтар да бар. Олар бірпалаталы жаңа Парламент яғни, Құрылтай құру, Қазақстанның Халық Кеңесі – жалпұлттық диалог алаңы, Вице-президент институтын енгізу және азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтары да алғаш рет Конституцияда көрініс табуы.

Бір сөзбен айтқанда, Жаңа Конституция – әділетті қоғам құруға, құқық үстемдігін қамтамасыз етуге және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға арналған стратегиялық құжат болмауы отыр. Бұл – ел болашағына қатысты ортақ таңдау.

Жандос БАЗАРТАЙ,
«AMANAT» партиясы
Қызылорда облыстық филиалының
торағасы

БРИФИНГ

«Байқоңыр» кешенінің өзекті мәселелерін талқылау және тиісті шешім қабылдау мақсатында жыл сайын «Байқоңыр» кешені бойынша Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының отырысы өтеді. Тараптар үкіметаралық комиссия барысында бірқатар уағдаластықтарға қол жеткізді. «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру жобасын іске асырудың белсенді кезеңіне өтіп, жерүсті технологиялық жабдықтарын жасау және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жобаны іске асыру үшін «Байқоңыр» кешенінің 170 мың гектарға жуық жерін жалға алу жұмысы тоқтатылды. Сонымен қатар жайылымдық жерлерді ұлғайту жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін іргелес елді мекендердің ауыл шаруашылығы саласының қажеттіліктері үшін пайдаланылмайтын 28 мың га жер учаскесін қайтару жұмысы жүргізілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникация алаңында өткен брифингте Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай баяндады.



БАЙҚОҢЫР: кеше, бүгін, ертең

Байқоңыр қаласы жалға алу жағдайында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ерекше қолдауымен Байқоңыр қаласының және оған іргелес орналасқан Төретам мен Ақай елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша мән берілуде. Байқоңыр қаласының тыныс-тіршілігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мақсатында Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы іске асуда.

Байқоңыр қаласында 54,3 мың тұрғын тіркелген. Оның ішінде 38,7 мың Қазақстан Республикасының, 14,3 мың Ресей Федерациясының, қалғаны басқа мемлекеттің азаматтары. Қаладағы жұмыссыздық деңгейі 1,3% құраса, ғарыш саласы және Байқоңыр қаласы әкімшілігіне қарасты кәсіпорындар мен мекемелерде 10 мыңға жуық ел азаматтары жұмыс істейді. Қала тұрғындарын жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау шаралары Қармақшы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және қалалық «Мансап» орталығы арқылы жүзеге асырылып, жыл ішінде 336 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Шаштараз, шағын типография ашу, таза су өндіру, дәрігерге дейінгі қосымша медициналық тексеру, жартылай фабрикат өнімдерін дайындау бойынша 19 тұрғын «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқып, 29,8 млн теңге қайтарымсыз қаржыға ие болған.

– Денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекетаралық келісімге сәйкес, Байқоңыр қаласында қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдар қызмет көрсетеді. Қаладағы көпбейінді ауруханана 39 717 тұрғын тіркелген. Аурухананың материалдық-техникалық базасын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қалада гемодиализ орталығының қызметіне жүгінетін мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасау мақсатында, Байқоңыр қаласындағы көпбейінді ауруханасында гемодиализ орталығы қызмет көрсетуде, – деді Қайрат Нұртай.

Қалада 12 мектеп жұмыс істесе, оның ішінде 5-еуі қазақстандық стандарт бойынша білім береді. Ресей Федерациясының мектептерінде 2484 оқушы оқыса, қазақстандық мектептерде 4906 оқушы білім алуға. Алдағы уақытта №7 мектепті қазақстандық білім беру жүйесіне көшіру жоспарлануда.

Қалада 351 көпқабатты тұрғын үй бар. Мәскеу қаласында қол қойылған «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес, қаланың тұрғын

үй қоры толық газдандырылған. Қалаға іргелес Төретам және Ақай елді мекендері де толықтай табиғи газбен қамтамасыз етілген.

– Байқоңыр қаласының әкімшілігімен «Байқоңыр» жылу электр орталығын мазуттан табиғи газға көшіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл 2027 жылы аяқталып, жылу энергиясына тарифтердің өсуіне тежеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қызылорда облысы әкімдігімен «Байқоңыр қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта жаңарту» жобасы аясында 94,6 км су құбыры және 84,6 км кәріз желілерін ауыстыру жоспарлануда, – деді Қ.Нұртай.

Сонымен бірге қаладағы спорт нысандарын көбейту қажеттігі туындап отыр. Осыған орай, 2025 жылы дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу, оның базасында қазақстандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін ашу туралы шешім қабылданды. Өткен жылы Байқоңыр ғарыш айлағы мен қаласының құрылғанына 70 жыл толды. Бұл атаулы жыл Үкімет деңгейінде кең көлемде атап өтіліп, қала мен ғарыш айлағының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан «Байқоңыр» кешенінің қызметкерлері мен ардагерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ведомстволық наградаларымен марапатталды.

«Байқоңыр» – қала мен ғарыш айлағын біріктіретін, әлемде баламасы жоқ бірден-бір кешен. Кешен экономикасын әртараптандыру мақсатында туризмді дамыту өзекті. Премьер-Министр Олжас Бектеновтың тапсырмасымен туризм және спорт министрлігімен бірлесіп, «Байқоңыр» кешенінде туризмді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

– Қазақстан мен Ресей үкіметаралық комиссиясының шешімімен қазақстандық тараптан туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар анықталған. Сондай-ақ «Visit Baikonur» туристік ақпараттық орталығы құрылған. «Гагарин старты», «Гагарин беседкасы», динамикалық сынақ стенді, «Буран» монтаждау-жанармай құю кешені сынды туристік нысандарда демалыс ұйымдастырылады. Ғарыш айлағының тарихында алғаш рет Аэроғарыш комитетімен заманауи киіз үй түріндегі қазақстандық бақылау пункті ашылды. Қаланың ерекше статусына байланысты туындайтын өзекті мәселелер «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясында қаралады, – деді Қайрат Нұртай.

Думан
КЕҢШЛІК



«МИРАНДА ЕРЕЖЕСІ»: СІЗ ЕШТЕНЕ АЙТПАУҒА ҚҰҚЫЛЫСЫЗ...

Занды білмеу – ең үлкен қауіп

Жаңа Конституция жобасына «Миранда ережесі» енгізілді. Бұдан не өзгереді? «Миранда ережесінің» қазақ қоғамы үшін маңызы қандай? Бұл сұрағамызға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, құқықтану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, адвокат Ерлан Алтаев жауап берді.

– Бұл ереже бізге Америка Құрама Штаттарынан белгілі. «Миранда ережесінің» негізінде әрбір ұсталған азамат өзінің не үшін ұсталғаны туралы білуге, үнісіздік жариялауға, әрбір айтылған сөздің өзіне қарсы қолданылуы мүмкін екені туралы білуге, адвокаттың көмегіне жүгінуге құқығы туралы ұстау процесінің әрекетін жүргізіп жатқан лауазымды тұлғалар тарапынан ауытша айтып түсіндіру міндетмесін айттым.

Бұл ереже бір қарағанда қарапайым, түкке тұрғысыз дүние болып көрінуі мүмкін. Алайда ұсталған азаматқа күш қолданатын жағдайлар кездесе, онда ол азамат өзі осы заң арқылы қорғай алады. Мысалы, күдік келтірілген азаматты қызыретті орган қызметкерлері ұстап, процесс барысында ауыр сөз айтуы мүмкін. Сондықтан ол өзінің қорғаушысы болған жағдайда ғана жауап беруге құқылы. Әрбір азамат заң көмегіне жүгінуге құқығы бар. Мемлекет тарапынан қолдау болғандықтан, кейбір қылмыстық құқықбұзушылық жасаған азамат өзінің әрекетінің дұрыс емес екенін түсінеді. 2014 жылы қабылдануы 2015 жылы күшіне енген ҚР Қылмыстық процесстік кодексінің 131 бабында бұл ереже бар. Ал Конституцияда бекітілуі бұл ереженің беделін көтереді, – деді ол.

«Миранда ережесі» адамның өзін-өзі қорғау мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда қатты қорқып немесе психологиялық тұрғыда дұрыс жауап бере алмауының әсерінен әділ шешім болмауы мүмкін. Сондықтан Конституция жобасына «Миранда ережесінің» енгізілуі – мемлекет қандай жағдай болса да адам құқығын қорғайтынын белгісі.

Айтолқын
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – ашық пікір алаңы



нашақорлықтың алдын алу, туристік жарна мен бөлшек салықты реттеу сияқты мәселелерді қарады.

Қала ішінде қоғамдық көлік, аялдамаларды күтіп ұстау, маусымдық суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік шаралары және ауыл шаруашылығына арналған жер пайдалану сияқты күнделікті өмірге қатысты мәселелерге де көңіл бөлінді. Бұл іс – шаралар Қызылорда қаласында билік пен қоғам арасындағы диалогты нығайтуға және жергілікті өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Өткен жылы құрамы 19 адамнан жасақталған қоғамдық кеңесте жоспарға сәйкес, 7 отырыс өткізіліп, 28 мәселе, 15 нормативтік құқықтық актілер қаралды. Отырыста тұрғындардың әл-ауқатына тікелей әсер ететін салалар бойынша есептер тыңдалып, мәселелер қаралды. Қызылорда қаласының қоғамдық кеңесі мен қалалық мәслихаты азаматтық қоғаммен байланыс пен жергілікті басқаруды жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды шешімдер қабылдады. Қоғамдық кеңес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру, балалардың жазғы демалысын тиімді

өткізу, қалалық әлеуметтік көмек пен арнаулы әлеуметтік қызметтерді реттеу, тұрғын үй және ауыл шаруашылығы қызметтері бойынша мемлекеттік қызметтердің атқарылуын бақылау сияқты өзекті мәселелерге назар аударды.

Сонымен бірге қоғамдық кеңес 4 бағыт бойынша қоғамдық бақылау өткізіп, қала нысандарын аралады. «Әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комиссиясы» қорғаныс істері басқармасының жұмысымен танысты. «Инфрақұрылым, энергетика, ауыл шаруашылығы және экология комиссиясы» Тасбөгет пен Белкөл кентінен қарай ашуға лицензия беру мәселелерін зерделеді. Сонымен бірге қоғамдық кеңес мүшелері жауапты сала өкілдерімен бірге қаладағы аялдамалар, жол белгілері және автоурақтардың жай-күйін тексеріп қайтты. «Мектепке қол» қайырымдылық акциясы аясында қалалық қоғамдық кеңес мүшелері Сәкен Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейдегі көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға мектепке дайындау мақсатында оқу-құралдары мен сөмкелер табыстады.

Ережеге сәйкес қоғамдық кеңес жергілікті атқарушы және өкілді органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарап, мемлекеттік орган қызметіне қатысты қоғамдық маңызы бар мәселелерді талқылап, азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарап, мемлекеттік органдарға ұсыным береді. Азаматтық қоғам өкілдерінің үлесі басым болатын қоғамдық кеңес отырысы тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес ұсынымдары мемлекеттік органдарда міндетті түрде қаралуға тиіс.

Қоғамдық кеңес мүшесі Болат Нұрқожаев бұрын-соңды болмаған орган болған соң әдепкі жылдары қоғамдық кеңес жұмысында түсіністік болғанын, алайда кейін жұмысы реттеліп, қоғамдағы беделі де артқанын айтады.

– Қоғамдық кеңес кеңесші орган. Яғни өзекті мәселелер бойынша түрлі ұстаным мен ой-пікірлер болғандықтан, сол жағдайда қоғамдық кеңес ұсыныс береді. Оған қазір көптеген азаматтың мүше болуға өтініш беруі дәлел. Қоғамдық кеңес ұсыныстары салмақты болуы үшін эксперттік пікірге жүгініп, мониторинг, тыңдаулар өткізу арқылы мәселені жан-жақты талқылайды, – деді ол.

Болат Нұрқожаев үш мәрте қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі болған. Ол көптеген жергілікті және республикалық маңызы бар мәселенің шешілуіне ықпал еткен.

– Былтыр Бейнеу-Бозой-Сексеуіл жолы жобасы Сексеуіл арқылы қайта жасалуы қоғамдық кеңестің ықпалымен болды. Алғашында Шалқар арқылы бұру жоспарланған. Қоғамдық кеңес оған уәждер мен дәлел келтіріп Алматы, Түркістан, Атырау және Маңғыстау облыстары қоғамдық кеңесінде қолдау тауып, тиісті министрлікке, Үкіметке жеткізіп, Сексеуіл арқылы өту қайта жоспарланды. Оған Президент былтырғы жолдауында нүктесін қойған еді, – деді Болат Нұрқожаев.

Басы 1-бетте

Думан КЕҢШЛІК



мәтін қайталанды. Мұның сыры неде? Адамның ғибадатын талдар болсақ, намазды оқығаныңыз не оқымағаныңыз айналаңыздағы адамдарға белгілі. Сол сияқты басқа құлшылықтар да куә болған адамға белгілі болып тұрады. Ал оразаның жайы басқа. Оразада аштық пен шөлге төзімділік танытқаныңыз өзгелерге сезімлек түгiлi көрiнбейдi де. Сондықтан оразадағы ықыласыңызды өзгелерге қаншалықты түсiндiрiп суреттегенiңiзбен тек Алла мен сiздiң араңызда ғана ақиқи көрiнiс табады. Бұл дегенiмiз Алладан басқаға көрсете алмайтын жалғыз құлшылығыңыз – ол ораза екенiн айқындайды.

Ораза ұстаған адамның ең көп тартатын қиындығы – шөл. Ашыққаннан емес, шөл қысқаннан көп адамдар қиналып жатады. Алла Тағала оразадағы шөлдеген құлдарына Райян жәннатын нәсіп еткен. Бұл есіктен тек ораза ұстаған адамдар ғана кіреді. Дәлел ретінде Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жәннаттің сегіз есігі бар. Олардың қатарында Райян атты есік бар. Ол есіктен тек ораза ұстағандар кіреді» деген хадисі келтірілген. «Райян» сөзінің

Дастан ҚҰРМАНБАЕВ, Қызылорда облысының Бас Иمامы:

РАМАЗАН – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ БЕРЕКЕ АЙЫ

Көптеген адам тақуалық жолына рамазан айында ораза ұстау арқылы келіп жатады. Логикалық тұрғыдан бұның бірінші әсері Рамазан айында шайтанның адамды азғыру, тура жолдан тайдыру есігі жабылғандықтан дер едік. Ал негізгі себебіне келер болсақ, Алла елшісі: (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Әрбір нәрсенің есігі бар. Ал құлшылықтар есігі – ораза» деген. Шынында, ораза – бес парыздың ішінде сабырлықты аса талап ететін, кәффараты (құлшылық нормасын әдейі бұзған жағдайда орнын толтыру) ең ауыр құлшылық. Сондықтан да ораза құлшылығына төзімділік танытқан адамға басқа құлшылықтар оразаға қарағанда жеңіл тимек.

Ораза ұстаған адам жәннаттың есігін қаққан адаммен тең. Сол себепті де Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша (оған Алла оған риза болғай) анамызға: «Жәннаттің есігін қағуыңды тоқтатпа» дегенде Айша анамыз: «Қалай қағамын?» дейді. Сонда Алла елшісі: (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Аштықпен қақ» деген екен. Бұл хадис біздің әрбір ұстаған оразамыздағы ашығуымыз жәннаттың есігін қаққанымызбен тең екеніне дәлел болмақ.

Ораза жайлы хадистерде «Ораза Мен үшін. Әрі оның сауабын Мен беремін» деген мағынадағы **Басы 1-бетте**

мағынасы «шөлі қанған» дегенді білдіреді. Сондықтан да, Райян осы дүниеде Алла үшін ораза ұстап, шөлдеген адамға тиесілі болмақ.

– **Әйел ораза ұстау үшін әйел отағасының келісімін алу керек пе?**

– Ислам дінінде ораза ұстау – ақыл-есі дұрыс және балиғат жасына толған әрбір мұсылманға парыз амал. Әйел адамның ораза ұстауына қатысты мәселеге келсек, мұнда парыз ораза мен нәпіл (ерікті) оразаның арасын ажыратып алу маңызды. Рамазан айындағы парыз оразаны ұстау үшін әйел баласына отағасының немесе басқа біреудің рұқсаты қажет емес, өйткені бұл – Жаратушы Алланың тікелей бұйрығы. Алланың бұйрығы орындальтын жерде пенденің рұқсаты сұралмайды. Алайда Рамазаннан тыс уақытта ұсталатын нәпіл оразалар үшін әйел адам күйеуінің келісімін алуы тиіс. Бұл отбасындағы сыйластықты сақтау және ерлі-зайыптылық міндеттерді орындау тұрғысынан бекітілген әдеп. Егер күйеуі рұқсат берсе, оның сауабы, тіпті, еселене түспек.

– **Бұрынғы өтелмей қалған ораза күндерінің қазасын ораза тұтудан бұрын ұстау міндет пе? Ораза тұтып болған соң да қарызын өтеуге бола ма?**

– Шарият бойынша, өткен Рамазан айларында түрлі себептермен (наукастану, сапарда болу және т.б.) қаза болған күндерді келесі Рамазан айы басталғанға дейін өтеп үлгеру – абзал амал және мұсылманның мойнындағы қарызы. Алайда егер адам түрлі себептермен немесе салғырттықпен бұрынғы қазаларын жаңа Рамазан айы туғанға дейін өтеп үлгермесе, онда ол алдымен осы жылғы Рамазан оразасын толық ұстауы тиіс. Яғни, Рамазан айы кірген сәтте тек сол айдың оразасы ұсталады, ал ескі қарыздар Рамазан айы аяқталғаннан кейін ғана өтеледі.

Бұрынғы өтелмей қалған күндердің қазасын жаңа Рамазан басталғанша өтеу міндет болғанымен, егер ол өтелмей қалса, оразаның қазасы мойныңыздан түспейді. Оны Рамазан айы бітіп, Шәууал айы басталғаннан кейін немесе жылдың кез келген басқа уақытында өтеуге толық мүмкіндігіңіз бар. Ең бастысы, Рамазан айының ішінде қаза ораза ниет етілмейді, тек парыз болған осы айдың оразасы тұтылады. Сондықтан «қарызымды өтемей жаңа оразаны бастауға болмайды» деген түсінік қате.

– **Қадір түнінде дұға етумен қоса қандай амалдар жасау керек?**

– Қасиетті Қадір түні – мыңайдан да қайырлы, періштелер жер бетіне түсіп, Алланың рақымы төгілетін ерекше сәт. Бұл түнде ең бірінші орында дұға тұрады. Сондай-ақ дұғамен қатар рухани дәрежені көтеретін бұратар сауапты амалдарды атқарудың маңызы зор.

Ең алдымен, бұл түн – Құран Кәрім түсе бастаған түн болғандықтан, Құран оқуға және оның мағынасына терең бойлауға ерекше көңіл бөлу қажет. Құранды хатым ету немесе білетін сүрелерді қайталап, Алланың кәлеміне құлақ тұру – осы түннің басты көркі. Сонымен қатар бұл түнде нәпіл намаздарды көптеп оқу, әсіресе, «Тәһажуд» және «Тәсбих» намаздарын өтеу адамның жүрегін тазартып, жаратушыға жақындата түседі. Намаз ішіндегі сөздерді ұзағырақ жасап, іштей тәубе ету – үлкен сауап.

Дұғамен қатар, Алланы зікір ету және Пайғамбарымызға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) көптеп салауат айту – бұл түннің ажырамас бөлігі. Сонымен қатар Қадір түнінде жасалған қайырымдылық пен садақаның сауабы еселеніп жазылады, сондықтан мұқтаж жандарға қол ұшын созып, жақын туыстар мен көршілерге жақсылық жасау абзал. Ең бастысы, бұл түнді

өткен қате-күнәлер үшін шын жүректен тәубе етуге, біреуге деген реніш болса, оны кешіруге және рухани жаңартуға арнау керек. Осылайша, құлшылықтың әр түрін үйлестіре білген адам Қадір түнінің толық берекесіне кенеледі.

– **Ұялы телефонның қоңырауына дұғалардың дыбысын қосып қойған дұрыс па?**

– Ұялы телефонның қоңырауына Құран аяттарын, азан дыбысын немесе дұғаларды қою дұрыс емес және әдепсіздік болып саналады. Мұның бірнеше маңызды себебі бар. Біріншіден, Құран мен дұға – Алла Тағаланың қасиетті сөзі мен оған жалбарынудың құралы, ол ерекше ықыласпен, дәретпен және тыныштықта тыңдалуы тиіс. Ал телефон қоңырауы кез келген уақытта, кез келген орындарда шырылдауы мүмкін, бұл қасиетті сөздердің қадірін түсіреді.

Екіншіден, телефон шырылдағанда біз оны бірден көтеріп, сөздің ортасынан үзіп тастаймыз. Құран аятын немесе дұғаны мағынасын аяқтамай үзіп жіберу – сөздің мәнін бұзу. Сондықтан дін рәміздер мен қасиетті мәтіндерді телефонның қоңырауы ретінде пайдаланудан сақтанған жөн. Ал дұғалар мен Құранды арнайы уақыт бөліп, зейін қойып тындау – нағыз мұсылманға тән әдеп.

– **Құрбан айт 3 күн екенінен хабарлармыз. Ал Ораза айт неше күн болып белгіленген?**

– Шарият бойынша Ораза айт мерекесі негізінен бір күн болып есептеледі. Дәл осы күні, яғни, Шәууал айының бірінші күні мұсылман қауымы айт намазын оқып, отыз күндік оразаның аяқталуын мерекелейді. Бұл күні ораза ұстауға тыйым салынады. Алайда халық арасындағы қалыптасқан дәстүр бойынша және мерекелік көңіл-күйді ұзарту мақсатында ораза айт үш күнге дейін созылып тойланады. Бұл күндері мұсылмандар бір-бірінің үйіне қонаққа барып, айттық дастархан жайып, ағайын-туыстың көңілін аулайды.

Айта кететін маңызды жайт, Шәууал айының екінші күнінен бастап бұрынғы қаза оразаны немесе сауабы мол алты күндік Шәууал оразасын ұстауға рұқсат беріледі. Демек, дін тұрғыдан алғанда, ораза ұстауға болмайтын «Айт күні» тек бірінші күн болса, мерекелеу мен қуаныш бөлісу жағынан ол үш күнге жалғасады.

– **Құрбан шалудың да тәртібі бар. Шариятта құрбан шалу үшін мұсылманның қанша мөлшерде табысы болу керек? Құрбандыққа қандай мал шалуға болады?**

– Құрбандық шалу – мал-мүлкі зекет мөлшеріне жеткен әрбір ақыл-есі дұрыс, азат және сапарда емес мұсылманға уәжіп, яғни, міндет амал.

Қаржылық жағдайға келетін болсақ, құрбан шалу міндетті болуы үшін адамның меншігінде негізгі қажеттіліктерінен, атап айтқанда, үйі, көлігі, киім-кешегі, бір жылдық азық-түлігі және қарыздарынан тыс «нисап мөлшеріне» жететін артық байлығы болуы шарт. Бекітілген нисап мөлшері – 85 грамм алтынның құнына тең қаражат. Егер адамның қолында дәл осы мөлшерде немесе одан көп ақшасы болмаса соған тең келетін тауары болса, оған құрбан шалу – міндет. Ал табысы бұл мөлшерге жетпейтін жандарға құрбандық шалу міндет емес, бірақ ниет етіп шалса, сауабы жазылады.

Құрбандыққа шалынатын малдың жағдайына келсек, шарият бойынша малдың айтарлықтай кемшіліктері болмауы басты шарт. Малдың он екі мүшесінің сау болуы міндетті емес, алайда құрбандыққа жарамайтын үлкен кемшіліктерден аман болуы тиіс. Мысалы, екі көзі немесе бір көзі соқыр, жүре алмайтындай ақсақ, тым арық, мүйізі түбінен жұлынған немесе құлағының, құйрығының басым бөлігі, яғни, жартасынан көбі кесілген мал құрбандыққа жарамайды.

Ал егер малдың мүйізі сәл сынған болса, құлағы тесілген немесе танбаланған болса, аздап ақсандаса, мұндай аздаған кемшіліктер құрбандыққа келерлі келтірмейді. Ең бастысы, Алла жолында ұсынылатын сыйдың мүмкіндігінше ең жақсы, ең сау және мінсіз болғаны абзал.

– **Биылғы әр жан басына берілетін пітір садақаның мөлшері қандай?**

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төралқа мәжілісінде биылғы пітір садақасының мөлшері жан басына 735 теңге болып белгіленді. Пітір садақаның мөлшері еліміз бойынша 2 келі ұнның орташа бағасымен есептеледі. Ал ұнның бағасы ҚМДБ-ның қала және облыс өкілдіктерінің берген мәліметі негізінде анықталды. Пітір садақасын құрма, мейіз бағасымен де беруге болады. Бай, ауқатты адамдар пітір садақаны 2 келі мейізбен немесе 4 келі құрмамен бергені абзалырақ.

– **Салиқалы сұхбатыңызға рахмет!**

Өңгімелескен
Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ АЛАҢ: Жанқожа көтерілісі

XIX ғасырдың орта шені қазақ даласы үшін дегбірсіз, қанды кезең болды. Ресей империясының Сырдарияның төменгі ағысына бекініп, Орта Азия хандықтарына жол ашу стратегиясы жергілікті халықтың ақ білектің күшімен, ақ пайзаның ұшымен қорғаған ата қонысына үлкен қауіп төндірді. Осы кезеңнің шынайы көрінісін №1 Форт (қазіргі Қазалы) коменданты майор Булатовтың, тілмаш Ахмеровтың және өзге де патша шенеуніктерінің Орынборға жолдаған құпия баянаттарынан көреміз. Бұл құжаттар – азаттық үшін арпалысқан Жанқожа мен Исет батырлардың айбынын паш ететін тарихи жәдігерлер.

1856 жылдың қараша айының соңында №1 Форттың маңында үлкен дүрбелен басталды. Тілмаш Ахмеровтың жеткізген мәліметі бойынша, Әлімұлының шекті руынан шыққан айбынды Жанқожа Нұрмұхамедов Үш-Өткел шатқалында мыңдаған сарбаз жинап, Ресей бекінісіне шешуші соққы беруді жоспарлаған. Бұл жай ғана стихиялы көтеріліс емес, терең ойластырылған әскери стратегия еді.

Жанқожа батырдың басты мақсаты – алдымен патша өкіметіне «сатқындық» жасап, сойылан соғып жүрген жергілікті старшындарды тізе бүктіру немесе оларды өз жағына шығару болды. Батырдың саяси көрегендігі сол, ол Ресейге қарсы тұру үшін Хиуа хандығымен дипломатиялық байланыс орнатты. Құжаттарда Хиуа ханының Жанқожаға қолдау білдіріп, көмекке 2000 сарбаз жіберуге уәде бергені, тіпті өзінен арнайы екі елші аттандырғаны жазылған. Хиуа ханы: «Егер орыс бекінісін алсаңдар, сендерді толық қамқорлығыма аламын», – деп жігерлендірген. Бұл дерек Сыр қазақтарының азаттық қозғалысының аймақтық геосаяси деңгейде қаншалықты маңызды болғанын айғақтайды.




Перовск фортының бас жоспары, 1856 жыл

Майор Булатовтың зәресін алған тағы бір тұлға – Есет Көтiбаров. 1856 жылғы 9 желтоқсандағы мәліметтер бойынша, Есет батыр Сұлтан Бөрімен және Жанқожамен одақ құрып, Арал бекінісі мен №1 Фортқа екі жақтан шабуыл жасауды көздеген. Есеттің Арал теңізінің арғы бетінен Сырға қарай жылжуы патша әскерін үлкен шығынға ұшыратуы мүмкін еді.

Бұл қауіпке қарсы Булатов шұғыл түрде Урал казактарының отрядын және екі далалық зеңбіректі (полевое орудие) аттандыруға бұйрық береді. Олар көтерілісшілерді Қамыстыбас көлінің арғы бетінде немесе Сапақ құдықтарының маңында күтіп алып, жолын кесуді жоспарлаған. Патша офицерлері Есеттің далалық жылдамдығы мен халық арасындағы беделінен сескенгені соншалық, оған қарсы артиллерияны қолданудан басқа амал таппаған.

1856 жылдың 19 желтоқсаны. Сырдың мұзы әлі қатпаған, айналаны қою тұман басқан лайсаң шақ. Жанқожа батыр 1,5 мың сарбазымен №1 фортқа небәрі 70 шақырым жерде, өз есімімен аталатын «Жанқожа-қала» маңында шоғырланды. Батырдың әрбір қадамы патша офицерлерін



Қазармалар мен қоймалардың архитектуралық ерекшеліктерін егжей-тегжейлі жоспары, 23 ақпан 1856 жыл

састырды. Форттың стратегиялық шөп қорын өртеп, жаудың логистикасын тас-талқан еткен көтерілісшілердің іс-қимылы – нағыз партизандық соғыстың үлгісі болатын. Патша әскері зеңбіректерін сүйретіп Жанқожаға қарсы аттанғанымен, 15 күнге созылған толассыз жаңбыр мен тұман жерді жібітіп, бекіністің қорғаныс қабілетін төмендеткен.

Осыған қарамастан, Булатов бекіністің бастиондарын нығайтуды, №1 және №2 бастиондар арасындағы орларды тереңдетуді бұйрық етеді. Бекініс ішіндегі казактар мен артиллерияшыларға үнемі жем-шөп жеткізу мәселесі басты назарда болған. Әр атқа тәулігіне 1-ден 3 гарнецке дейін сұлы бөлінген. Бұл далалық соғыстың логистикалық жағынан қаншалықты ауыр болғанын көрсетеді.

1857 жылдың басындағы жазбаларда Түркістан мен Ташкент маңындағы жағдайлар суреттелген. Қоқан ханының бауыры Мулла-бек Ташкентке келіп, орыс бекіністеріне жақын отырған қазақ ауылдарына шабуыл жасау үшін қол жинаған. Буқан тауларының маңында болған ірі қақтығыстарда көтерілісшілер Тронцк керуенін талқандап, 2000 түйе, 9000 қой және 100 жылқыны алып кеткен.

Бұл тек қарақшылық емес, бұл – империяның сауда жолдарын бақылауына жасалған қарсылық. Көтерілісшілер орыс әскеріне тиесілі жүктер мен бағалы тауарларды (қызыл тауар, темір бұйымдар) тәркілеу арқылы гарнизонды ресурстан айыруды көздеді.

Майор Булатов өз рапортында көтерілістің шынайы себептері казактарды өз шаруашылығынан айырып, бекініс салу жұмыстарына тегін және күштеп жегуі, тілмаш Ахмеров сияқты шенеуніктердің халықты қанап, зансыз пара мен мал жинауы, патша әкімшілігіне арқа сүйеген «жағымпаз» билер мен старшындардың өз руластарына жасаған әлімжеттігі патшалық әкімшіліктің жіберген қателіктері екенін ашық жазды.

Дәл осы әлеуметтік әділетсіздік Жанқожа мен Есеттің айналасына мыңдаған адамның топтасуына, халықтың қару алып, атқа қонуына басты себеп болды.

Сыр бойындағы қазақ руларының тек өз бостандығы үшін ғана емес, адамдық ары мен намысы үшін де қалай күрескенін айғақтайды. Жанқожа батырдың айбыны мен Исет батырдың айласы патшалық Ресейдің Орта Азияға басып кіруін оңдаған жылға тежеді. Бүгінгі ұрпақ үшін бұл сарғайған қағаздар — ата-бабамыздың тәуелсіздік жолында ерлігінің мәңгілік куәсі.

А.БАЙМЕНОВА,

Архив құжаттарын пайдалану және жариялау бөлімінің жоғары санатты палеографы

ТУЛЯРЕМИЯ

аурудан сақ болайық!

Көктем мен жаз мезгілінде табиғат тіршілігі жанданады. Мал өріске шығып, егін және шөп шабу жұмыстары басталады, тұрғындар демалысқа жиі шығады. Алайда дәл осы кезеңде жұқпалы аурулардың қаупі де артады.

Соның бірі – туляремия.

Туляремия – жануарлардан адамға жұғатын қауіпті инфекция. Ол көбіне кеміргіштер арасында таралады және табиғи ортада ұзақ уақыт сақталады. Адамға әртүрлі жолмен жұғуы мүмкін. Туляремия кене шағу, ауру жануарлармен жанау, лас су ішу, ауру жануардың нәжісімен ластанған пішінді тасымалдау немесе дәлізге шаң-тозаңды жұту кезінде жұғады. Сондықтан ауыл тұрғындары, малшылар, шөп шабатындар, аңшылар және табиғатта жиі болатын азаматтар ерекше сақ болуы тиіс.

Ауру қалай басталады?

Дене қызуы 38-40°C-қа дейін көтеріліп, алам қалтырайды, қатты әлсірейді, басы ауырады. Алғашында бұл белгілерді кейбіреулер қарапайым тұмаумен шатастыруы мүмкін. Бірақ бірнеше күннен кейін лимфа түйіндері ісініп, ауырсынуы мүмкін. Кей жағдайда теріде жара пайда болады.

Егер инфекция тыныс жолдары арқылы емес, жөтел, кеуде тұсының ауырсынуы, тыныс алудың қиындауы байқалады. Ауруды дер кезінде емдемесе, асқынудар туындауы ықтимал.

Дәрігерге ерте қаралу маңызды?

Көп жағдайда адамдар үй жағдайында, өз бетінше емделуге тырысады. Бұл дұрыс емес. Туляремия арнайы емді қажет етеді. Қызба бірнеше күн бойы сақталса, лимфа түйіндері ұлғайса немесе жалпы жағдай нашарласа, міндетті түрде медициналық мекемеге жүгіну қажет. Ерте анықталып, дұрыс ем жүргізілсе, ауру толық жазылады.

Балалар мен қарт адамдарға ерекше көңіл болу керек. Олардың ағзасы инфекцияны ауыр өткеруі мүмкін.

Алдын алу – ең тиімді жол

Туляремиядан қорғану үшін қарапайым сақтық шараларын сақтау жеткілікті:

- табиғатқа шыққанда жабық, ұзын жең киім кию;
 - кене шағудан қорғану және денені тексеріп отыру;
 - ашық, қадағалаусыз су көздеріне шомылмау және су ішеу;
 - тағам өнімдері кеміргіштер ене алмайтынды етіп сақталуы тиіс;
 - қолды жиі жуу;
 - үй маңын және қора-қопсыны таза ұстау;
 - кеміргіштермен күрес жүргізу.
- Сақтық – саулық кепілі. Өз денсаулығымызға жауапкершілікпен қарап, қауіпті инфекциялардың алдын алайық.

Гүлмира КАНТУМУРАТОВА,

Қызылорда облағы қарсы күрес институтының дәрігері



Білім саласының маңызды артықшылығы іс-шараға оқу-ағарту министрлігінің қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының бөлім басшысы Дидар Бекбаев, облыстық білім басқармасы тәрбие бөлімінің басшысы Мағжан Мәуленұлы қатысып, семинар жұмысына сәттілік тіледі. Мектеп басшысы бұл іс-шараның жас ұрпаққа берері мол екенін атап айтты.

Семинар оқу-ағарту министрлігіне қарасты республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, облыстық білім басқармасы жанындағы «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығы, қалалық білім бөлімі және мектеп ұжымының бірлескен бастамасымен өтті. Негізінен бүгінгі семинардың өзекті тақырыбына айналып отырған бағдарлама адал, еңбеккер, елжанды азаматтар тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жүйесі жалпұлттық құндылыққа негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Бағдарламаның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықты дарытып, патриоттық сезімді оятып, адал еңбекке баулу. Біздің мектепте білім мен тәжірибе, өнер мен кәсіп, дәстүр мен инновация тоғасқан ауқымды кәсіби алаң қалыптасты. Пән мұғалімдері көркем еңбек пенін жай ғана сабақ емес, тұлға қалыптастыратын өмір мектебі ретінде дамытып келеді. Мұнда бала қолымен жасаған әр бұйым мінәздің, табандылықтың, жауапкершіліктің жемісі. Осы ұстаным семинар мазмұнының өзегіне айналды, – дейді мектеп директоры Айжан Алимova.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДӘРІШТЕГЕН СЕМИНАР

Іс-шараның керемет әсері бірінші қабаттағы цифрлы көрмеден басталды. «Өнерді цифрландыру – ұлттық кәсіпке жол» атты заманауи форматтағы интерактивті кеністі қатысушыларды ғаламтордың ғажайып әлеміне саяхаттауға мүмкіндік берді.

Кіреберістегі «Digital Heritage» инсталляциясы дәстүр мен болашақты астаырып, қонақтарды ерекше атмосферамен қарсы алды. Ал қазіргі ғаламтор ғаламаты жасанды интеллектке негізделген «AI Mirror» айнасы экран алдына келген адамға қазақтың ұлттық киімдерін шапан, сауқеле, әшекейлерді цифрлы түрде кигізіп, келушілерді ұлттық мұрамен жаңаша үлгіде қауыштырғаны жана технологияның жемісі деуге болады.

Ал «Live AI Design» алаңында жасанды интеллект көмегімен санаулы секунд ішінде жана ою-өрнек эскиздерін жасап, оны үлкен LED экранға шығарудың өзі таңдай қақтырды. Таңғажайып көрініс өнердің цифрлық дәуірімен үндесіп, ұлттық кәсіптің жана мүмкіндіктеріне жол ашқанын айқын дәлелдеді.

Екінші қабаттағы ұлттық колонер көрмесі бізді визуалдық әсерден арылтып, шынайы колонер туындысымен қауыштырды. Мұнда оқушылардың бірі қылқаламмен сурет салып, оны графикалық бағдарлама арқылы цифрландырып, анимация жасады. Енді бірі қамшы өріп, жылқының ат әбзелін дайындап, атакәсіптің қыр-сырын көрсетуге тырысты. Балалардың қолымен саздан иленіп жасаған құмыралар, бисер мен моншақтан өрнектелген ұлттық нақыштағы тақия мен әшекейлер көздің жауын алғандай. Құрақ құрау, жүннен жасалған бұйым, тоқыма, кесте, ағаш, саз, металл, эко-дизайн көмегімен жасалған туындылар көркем еңбек пәнінің маңызын арттырғандай әсер берді. Әр бұйымнан баланың баяндағаны мен еңбегі сезілді.

Мектептегі «Іскер ана» орталығы аналарды, ұстаздарды, оқушыларды шығармашылық ортаға біріктіріп, ұлттық колонерді тұрмыспен, кәсіппен ұштастырып отырғанын байқадық. Бұл бастама ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуды

Басы 1-бетте

көздеген еңбекке баудың тиімді үлгісі. Орталықта қыздарды тоқыма тоқу, оюдың түрін меңгерумен бірге оларды әдептілікке, ұқыптылыққа, төзімділікке баулиды. Жоба жетекшісі Дәрігүл Таңатарованың айтуынша, тәжірибе көрсеткендей, жас буын өнерді үйренумен бірге қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын бойына сіңіруде.

Республикалық семинардың ашылу рәсімі «Өнер мен кәсіптің цифрлық симфониясы» атты композициялық қойылыммен өрілді. Сахнада еңбек адамының бейнесі, колонердің қасиеті, ұлттық өрнек пен заманауи технология үйлесім тапты. Еңбек адамдарының шеруі көрерменге ерекше рух беріп, «Адал азамат» тәрбиесінің мәнін әсерлі тілмен жеткізді.

Мұнан соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдары, халықаралық «ORDA» жоғары колледжінің арнайы пән оқытушылары, білім беру ұйымдарының тәжірибелі педагог мамандары колонерді инновациямен дамыту, этнодизайн, әлеуметтік жобалар, құндылыққа негізделген тәрбие, STEAM және дизайн-ойлау технологиялары жөнінде баяндалды. Үздік шеберлік сабақ өткізген ұстаздар кесте, сәндік дизайн, поп-арт, анимация, жасанды интеллектті біріктіру тәжірибелерін көрсетті.

Семинардың «Шеберлер шеберханасында» Астана, Талдықорған, Ақтобе, Алматы, Шымкент, Атырау және өзіміздің Сыр өңірінен келген 30-ға тарта бейнелеу өнері, қосымша білім беру мамандары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, көркем еңбек

пәні мұғалімдерінің жүн, киіз, жіп, мыс, тас, ағаш, бисер, gobelen, экологиялық материалмен жұмыс істеудің қыр-сырын үйретіп, тәжірибе бөлісіп, шеберлік сабақтарын өткізіп, педагогтар мен қатысушылар қолдан бұйым жасады.

Семинарда «Моншақтан туған рух» тақырыбында шеберлік сабағын өттім. Сабақта моншақтан қазақ елінің туын құрастырдым. Шығармашылық ізденістен туындайды. Мақсатымыз – оқушыларды көркем еңбекке ынталандырып, ұлттық рухын көтеру. 5, 6, 7, 8, 9 сыныптарға сабақ беремін. Оқушыларымның жұмыстары облыстық, қалалық байқау мен ғылыми жобалардан жүлделі орын иемденіп келеді. Оқушылар кол еңбегі мен ой еңбегін ұштастырса жақсы нәтижеге жетеді деп ойлаймын. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, мол тәжірибе жинадық, – дейді Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №211 мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі Ұлдана Жүсіпова.

Шара соңында семинарда белсенділік танытқан ұйымдастырушыларға, шеберлік сабағын өткізген, спикер болған барлық қатысушыларға ҚР оқу-ағарту министрлігі республикалық білім беру оқу-әдістемелік орталығы атынан Алғыс хатпен марапатталып, арнайы сертификат табысталды. Мұнан соң семинар қонақтары қаланың шығармашылық орталықтарымен танысып, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық академиясы, Оқушылар үйі және облыстық тарихи-өлкетану музейіне экскурсия жасады.

Сыр өңірінде өткен республикалық семинар ұлттық мұра мен цифрлық жанаашылдықты ұштастырған, адал әрпақ тәрбиелеудің жарқын жолын айқындаған тағылымды белес болып тарихта қалары сөзсіз.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Милан Олимпиадасы ел спортына не берді?



Қысқы олимпиада қорытындысы бойынша Қазақстан 19-орынға жайғасты. Қош басында Норвегия, одан кейін АҚШ пен Нидерланд құрамалары тұр. Бір қызығы, жалпы есепте Қазақстан Финляндиядан алға шықты. Бұл – қысқы спорт дәстүрі қалыптасқан мемлекеттермен бәсекеде белгілі бір деңгейге жеткеніміздің белгісі. Тәуелсіздік жылдарындағы көрсеткіштерге көз жүгіртсек, 1994 жылы Қазақстан 12-орыннан көрінсе, кейінгі олимпиадаларда нәтижелер тұрақсыз болды. Жүлделісіз қалған жылдар да, қола немесе күміс жүлдені қоржына салған кездер де болды. 2022 жылғы ойындарда тіпті медаль бұйырмаған еді. Осы тұрғыдан алғанда, Милан Олимпиадасы – құлдыраудан кейінгі серпіліс.

Михаил Коржына салған жалғыз алтыннан бөлек, бірқатар спортшылар үздік оңдыққа енді. Софья Самоделькина (мәнерлеп сырғанау), Надежда Морозова (3000 және 5000 метр), Елизавета Голубева (1500 м), Илья Мизерных (шаңғымен тұрғыдан секіру), Денис Никиша (шорт-трек), Анастасия Горюхо мен Павел Колмаков (фристайл-могул) және басқа да спортшылар жоғары нәтижелер көрсетті. Қалай болғанда да, Италия төріндегі бұл Олимпиада Қазақстан спортына жаңа үміт сыйлады. Бір алтын сан жағынан аз болуы мүмкін. Бірақ кейбір медальдің салмағы бүтін бір кезеңнің бағытын өзгертуге жеткілікті болмақ.

Басы 1-бетте

Айдана БАХТИЯР

XXV ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ МЕДАЛЬ КЕСТЕСІ					
1	НОРВЕГИЯ	18	12	11	41
2	АҚШ	12	12	9	33
3	НИДЕРЛАНД	10	7	3	20
4	ИТАЛИЯ	10	6	14	30
5	ГЕРМАНИЯ	8	10	8	26
6	ФРАНЦИЯ	8	9	6	23
7	ШВЕЦИЯ	8	6	4	18
8	ШВЕЙЦАРИЯ	6	9	8	23
9	АВСТРИЯ	5	8	5	18
10	ЖАПОНИЯ	5	7	12	24
19	КАЗАҚСТАН	1	0	0	1

– Қаламызда белгілі кәсіпкерлердің жарнамасын жасап, шәкірт тәрбиелеп жүрсіз. Мобилографияға қалай келдіңіз?

– Бұл салаға келмей тұрып жұмыс істедім. Құрылыс саласында жұмыс істеп, цемент құйған кездерім болды. Бір күні туысқан ағам: «Қашанғы осылай жүре бересің? Заман талабына сай кәсіп үйренгенің абзал», – деп кенес берді. Сол сөз мені ойландырды. Кейіннен мобилография саласын үйрене бастадым. Іздендім, оқыдым, тәжірибе жинадым. Қазір осы саланың қыр-сырын меңгеріп, өз ісімің майталманына айналдым деп айта аламын. Таңдауыма еш өкінбеймін, керісінше, қуанамын. Себебі қазіргі таңда мобилография – қоғамның айнасы. Жеке бренд қалыптастырудан бастап, кәсіптің дамуына дейін бұл саланың рөлі ерекше. Бүгінде кез келген адам өзін әлеуметтік желі арқылы танытады. «Instagram», «TikTok», «Facebook» секілді платформалар арқылы қоғаммен байланыс орнатады. Жеке тұлға ретінде қалыптасу, кәсібінді кеңінен таныту, өнімнің артықшылығын көрсету, барлығы сапалы контентке байланысты. Мейрамхана, дүкен немесе кез келген бизнес болсын, оның іргетасын дұрыс жарнама арқылы қалыптастыру қажет. Бұл жерде мобилография шешуші рөл атқарады.

– Жұмыс барысында қандай техника мен бағдарламаларды қолданасыз?

– Мобилографияның басты құралы – телефон. Сапалы контент түсіру үшін заманауи смартфон жеткілікті. Монтаж жасауға арналған CapCut, VN

Басы 1-бетте

Нұрхан МАХМҰТ, мобилограф:

МИМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН УАҚЫТ

(Not Video) сынды қосымшаларды қолданамын. Ең бастысы, дұрыс ракурс таңдау, кадрды әртүрлі планда түсіру. Түсірілімнен кейін видеоға сөйкес әуен таңдап, ырғаққа сай монтаж жасаймыз. Бірақ бәрінен маңыздысы – идея. Мобилограф оператордың да, монтажердің де, сценаристің де қызметін атқарады. Кейде журналистермен бірге оқиға орнында репортаж түсіріп, стендап жасаймыз. Яғни бұл жан-жақты қабілетті талап ететін сала.

– Қазіргі таңда сұранысқа не контент форматтары қандай?

– Тренд үнемі өзгеріп отырады. Бір жылдары коучинг, мотивациялық видеолар сұранысқа ие болса, бүгінде пранк, әлеуметтік эксперимент форматтары танымал. Сондықтан трендтен қалмау маңызды. Бір ғана идеямен шектелуге болмайды. Кейде қарапайым тренд видео миллиондаған қаралым жинауы мүмкін. Сол себепті жана бағыттарды байқап көруден қорықпау керек.

– Бұл сала қаншалықты табысты?

– Сұранысқа ие маман үшін табыс көзі әрдайым жоғары болады. Миллиондап табыс тауып жүрген мобилографтар бар. Бірақ ең алдымен ниет пен еңбек керек. Үздіксіз ізденіс пен табандылық болса, жұмыстың нәтижесі көрінеді.

– Кәсіби деңгейіңді арттыру үшін қандай қадамдар жасайсыз?

– Бір орында тоқтап қалуға болмайды. «Мен тек мобилографияны білемін» деп шектелу қате. SMM-ді меңгеру, маркетинг пен сатуды үйрену, кәсіби камерамен жұмыс істеп көру – бәрі тәжірибе. Бұрын тек киім дүкендерінен видео түсірсеңіз, кейін шағын Instagram-серналдар жасауға болады. Әрдайым жана белеске ұмтылу қажет. «Маған осы жетеді» деген түсініктен арылу керек. Ірі қалаларда мобилография ерекше бағаланады әрі табысы да жоғары. Біздің өңірлерде кейде бұл саланың маңызы бағаланбай жатады. Дегенмен сұраныс жыл сайын артып келеді.

– Жұмыс барысында есте қалған ерекше оқиғалар болды ма?

– Мобилограф ретінде құқық қорғау саласында жұмыс істедім. Көпшілік камераны жай ғана құрал деп қабылдайды. Ал тергеу ісінде камера – айғақ дәлел, шындықтың үнісіз күзгері саналады. Тергеу барысында күрделі жағдайларға тап боласын. Әсіресе, адам тағдырына қатысты істер оңай емес. Мына бір оқиға жадыма мәңгі қалып қойды. Әйел босану кезінде шетінен нәрестеге қатысты жағдай тіркелді. Жерлеу сәтінде сәби денесін шатастыру дерегі анықталып, мәселені нақтылау үшін бейт басына баруға тура келді. Мен бұған дейін өмірімде жерлеуге қатысып көрмеген

едім. Бірақ сол жолы қабір қазылып, мәйітті қайта тексеру барысын камераға түсіруге мәжбүр болдым. Осындай сәттерде сен тек оператор емес, эмоцияны тежей алатын маман болуың керек. Камера артында тұрған адам да тірі жан екенін ұмытуға болмайды. Шыны керек, бұл оқиға әлі өсімнен кетпейді. Есіме түссе әлі күнге дейін аяқ-қолым дірілдеп, бойымды қорқыныш сезімі ұялайды.

– Жас мобилографтарға қандай кенес бересіз?

– Қорықпау керек. Қазір тек айлыққа қарап отыратын заман емес, мимен жұмыс істейтін уақыт. Хейтке мән бермей, тек алға ұмтылу қажет. Үздіксіз еңбек еткен адам міндетті түрде нәтижеге жетеді.

Айдана БАХТИЯР



Меншік ісін:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын анықтау, хабарландыру нәсінін жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3875 Тапсырыс №313

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжан АЙТЖАНОВА